

**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

09.09.2022 ж.

Тексерушілер:

1. Мектеп директоры: А.Қ.Башанов
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
3. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
4. Қамқоршылық кеңес төрайымы: Б.Боранбаева
5. Ата-ана: А.Абашева
6. Мектеп медбикесі: А.Т.Карибаева
7. Шаруашылық меңгерушісі: Н.А.Ақылбеков

«Жалпыға міндетті оқумен қамту қорынан» бөлінген қаржыға мектеп асханасынан 1-11 класстар аралығында әлеуметтік күнкөрісі төмен отбасынан шыққан оқушылар күнделікті бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. 9 қыркүйек күні бракераждық сараптамалық комиссия және қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Комиссия мүшелері күнделікті тағамның ас мәзіріне сәйкестігін, тағам нормаларының орындалуын бақылап, буфеттік өнімдердің түрлілігін және бағасын қарады. Асхана жұмысының талапқа сәйкес жүргізілетіндігіне және тағам нормаларының сақталуына оң бағасын берді. Тексеруші комиссия тарапынан асхананы жалға алушыға буфеттік өнімдерге қатысты біршама ұсыныстар айтылып, мәселелер талқыланды.

Тексеру нәтижелері:

Тексеру барысында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тағамдары мәзірге сай, грамдық өлшемдері нормасымен. Асхана таза, санитарлық талаптар сақталған.

Ұсыныс:

Буфеттік өнімдердің бағасы төмендетілсе.

Комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры:
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
3. Әлеуметтік педагог:
4. Қамқоршылық кеңес төрайымы:
5. Ата-ана:
6. Мектеп медбикесі:
7. Шаруашылық меңгерушісі:

А.Қ.Башанов
Ж.А.Разакова
Ж.А.Елекеева
Б.Боранбаева
А.Абашева
А.Т.Карибаева
Н.А.Ақылбеков

Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№1 хаттамасы.

09.09.2022 жыл

Қатысқаны – 7

Комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры: А.Қ.Башанов
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
3. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
4. Қамқоршылық кеңес төрайымы: Б.Боранбаева
5. Ата-ана: А.Абашева
6. Мектеп медбикесі: А.Т.Карибаева
7. Шаруашылық меңгерушісі: Н.А.Ақылбеков

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.
2. Асхананың санитарлық жағдайы.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры А.Қ.Башанов сөз сөйледі. Ол асхананың дайындығы, санитарлық-гигиеналық жағдайы ас дайындауға азық-түліктің болуы туралы таныстырды. Дайындалған тағамдар мәзірге келетіндігі туралы айтып өтті.

2. Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева: №64 қаулы негізінде көрсетілген категориялар бойынша қазіргі уақытта барлығы 32 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Күнделікті оқушылардың тамақтануы бақыланып түгенделіп отырады.

3. Мектеп медбикесі А.Т.Карибаева сөз сөйледі. Асхананың санитарлық гигиеналық жағдайы талапқа сай қанағаттанарлық екені туралы айтты.

ШЕШІМ:

1. №64 қаулы негізінде көрсетілген категориялар бойынша оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.
2. Ас мәзірінің менюге сай әзірленуін қадағалау әлеуметтік педагог Д.А.Елекееваға міндеттелсін.
3. Осы жұмыстың орындалуын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разаковаға міндеттелсін.

Төраға:  А.Қ.Башанов

Хатшы:  Ж.А.Елекеева



**Ақтобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

28.10.2022 ж.

Тексерушілер:

- 1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
- 2.Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
- 3.Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
- 4.Мектеп медбикесі: А.Б.Жеткергенова

Тексеру мақсаты: Асхананың санитарлық жағдайы.Азық-түлік сапасын тексеру, тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру, дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

2022 жылдың 27 қыркүйегі күні бракераждық сараптамалық комиссия мүшелерінің қатысуымен мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Комиссия мүшелері бүгінгі күннің ас мәзіріне сәйкестігін, оқушыларға берілетін тағам нормасының орындалуын, буфеттік өнімдердің ассортиментін, ас блогының тазалығын, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қарап тексеріп дайын тағамдарға органолептикалық бағалау жүргізді. Күнделікті мәзір перспективалық ас мәзірге сәйкес келеді. Тексеру жүргізілген күнгі ас мәзірі:

II апта

5-ші күн


Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Көкөніс көжесі	200	230	250	ақ қауқанды қырыққабат	41	49	61
				картоп	20	26	32
				сәбіз	10	11	13
				пияз	10	11	13
				өсімдік майы	4	5	5
				бульон	140	161	175
				тауық еті	44	54	74
				сыыр еті (көтлетке арналған)	65	70	70
Ет биточктері	60	70	70	бидай наны	14	16	18
				жұмыртқа	5	6	7
				кептірілген нан	8	9	10
				өсімдік майы	5	6	7
				сухари	8	9	10
				пияз	14	18	22
				күріш	25	36	46
				сары май	6	7	10
Гарнир: піскен күріш	100	110	130	бульон	73	95	110
				қызылша	65	89	108
				ірімшік	12	18	18
				өсімдік майы	1	2	3
Қызылша салаты	100	100	100	ара балы	15	15	15
Ара балы	15	15	15	сүт	200	200	200
Сүт	200	200	200	бидай наны	20	35	40
Нан	20	35	40		850	1033	1162
Калориялығы, ккал							

Асхананың қызметтік үй-жайларында санитарлық жағдайы бойынша-ескертүлер жоқ

Тексеру нәтижелері:

Тексеру барысында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тағамдары мәзірге сай, грамдық өлшемдері нормасымен. Асхана таза, санитарлық талаптар сақталған. Класс жетекшілері оқушыларды асханаға уақытында әкеледі. Оқушыларды тамақтандыратын орындары мен ыдыс саны жеткілікті

Комиссия мүшелері:

- | | | |
|---|--|-------------------|
| 1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | Ж.А. Разакова |
| 2. Әлеуметтік педагог: |  | Ж.А. Елекеева |
| 3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: |  | А. Абашева |
| 4. Мектеп медбикесі: |  | А.Б. Жеткергенова |

**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№2 хаттамасы.**

28.10.2022 жыл

Қатысқаны – 4

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: А.Б.Жеткергенова

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдінің қорытындысымен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша: Комиссия мүшесі медицина қызметкері А.Б.Жеткергенова мектеп асханасында 3 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы, 1 аспазшының көмекшісі, 1 ыдыс жуушы жұмыс жасайды деді.

Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда.

Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балалары үшін тегін тамақпен 32 оқушы қамтамасыз етілген. Адам басына тамақтану құны 507 теңгені құрайды.

Екінші мәселе бойынша: Ж.А.Елекеева өз сөзінде асхананы жалға алушы азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді. Ас ішу блогында 2 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стеллаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты.

Шешімі:

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.

2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Төраға:  А.К.Башанов

Хатшы:  Ж.А.Елекеева



**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

29.11.2022 ж.

Тексерушілер:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: А.Б.Жеткергенова

Тексеру мақсаты: мектеп асханасының мәзірі мен тамақтардың дайындалу сапасы мен тазалықтың сақталуын қадағалау

«№74 ЖББОМ» КММ бойынша 29 қараша күні асханаға әкімшілік тарапынан тексеріс өтті. Мектепте тегін тамақпен қамтылған 29 оқушы және Медикус медициналық мекемесінің тарапынан тамақтанатын 41 оқушы бар. Барлығы 70 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Мектеп асханасы 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды. Асханада І кезең, ІІ-кезең болып екіге бөлінеді. Тексеріс барысында асхана толық ас мәзірі арқылы жұмыс атқарды. Ыстық тамақ ас мәзірі бойынша берілді. Ескертулері асхана қызметкерлеріне айтылды. Тамақтану мен тамақ пісіру орны талапқа сай, тазалық жасалынып, дезинфекцияланады. Оқушыларға берілетін тағамдар сапасы мөлшерге сай ас мәзірі бойынша үнемі өзгеріп отырады. Оқушылар сүзгіден өткен тазартылған су тұтынады. Мектеп асханасының санитарлық талаптарының, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілуіне және асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауы да уақытылы қадағаланып тұрады. Тексеру кезінде шикі тағам сақтайтын бөлмелердің тазалықтары, азық-түліктердің сақталу мерзімінің дұрыстығы, сүт, май, ет тағамдарының тоңазытқышта сақталу жайы да тексерілді. Оқушылар асханаға қойылған кесте бойынша асханаға келеді. Оқушылардың қол жууына, қол кептіруіне жағдай жасалынған. Мектеп асханасының кестесіне сай кезекшілік атқарылады. Мектеп әкімшілігі кезекшілік белгіленген уақытта кесте бойынша кезекшілік атқарылады. Бракераждық комиссиямен тексеру кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге) мектеп асханасында қазірге таңға дейін анықталған жоқ. Асханада тыйым салынған тағамдар тізімі бар.


- Тамақ мәзірі бойынша барлық талаптар сақталған.
- Аспазшылардың медициналық тексерістен өткен кітапшалары бар.
- Тамақтанатын ыдыстар таза, ыдыс жуатын орындар талапқа сай орнатылған.
- Тамақтың дайындалуына жауапты адамдардың арнайы білімдері бар.
- Тамақтарды сақтау бойынша арнайы тоңазытқыштар мен жеке қойма орындардың бар екені анықталды.
- Алынған тағамдардың барлығының сақталу мерзімі көрсетілген.

Шешімі:

1. Мектеп асханасындағы тамақтың сапасы және тазалық жағдайының тексерілуі қанағаттанарлық.
2. Күнделікті дайын тамақтың сапасын бақылау комиссиясының жұмысы ары қарай жалғасын тапсын.

3. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың уақытында келіп тамақтануын және тамақты тауысып ішулерін қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
4. Сынып жетекшілер асханада оқушыларды өзін қалай ұстау керек туралы сынып сағаттарын өткізу туралы ұсыныс.

Комиссия мүшелері:

- | | | |
|---|--|------------------|
| 1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | Ж.А.Разакова |
| 2. Әлеуметтік педагог: |  | Ж.А.Елекеева |
| 3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: |  | А.Абашева |
| 4. Мектеп медбикесі: |  | А.Б.Жеткергенова |

**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№3 хаттамасы.**

29.11.2022 жыл

Қатысқаны – 4

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: А.Б.Жеткергенова

Күн тәртібі:

1. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы.
2. Тамақтандыруда әзірленген астың сапасы.

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова сөз сөйледі. Ол асхананың дайындығы, санитарлық-гигиеналық жағдайы ас дайындауға азық – түліктің болуы туралы таныстырды. Акт бойынша дайындалған тағамдар мен мәзірге келетіндігі туралы айтып өтті. Тексеру күнгі ас мәзірі:

Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Үй кеспе көжесі	200	230	250	құнарландырылған бидай	16	18	20
				картоп	20	26	32
				жұмыртқа	5	8	8
				йодталған тұз	2	2	2
				пияз	10	11	13
				сары май	6	7	9
				бульон	140	161	175
				тауық еті	44	54	66
Бұқтырылған картоп тауық етімен	150	180	200	тауық еті	80	90	100
				пияз	10	11	13
				сәбіз	10	11	13
				картоп	132	144	150
				өсімдік майы	8	9	10
Сүзбеден запеканка	90	90	90	сүзбе (творог)	100	100	100
				крупа манная	7	7	7
				қант	12	12	12
				жұмыртқа	6	6	6
				сары май	6	8	10
Айран	200	200	200	айран	200	200	200
Нан	20	35	40	бидай наны	20	35	40
Калориялығы, ккал					986	1074	1251

Асханада температуралық тәртіп сақталған. Тоназытқыштарды тазалап отыру керетігі туралы, тағамдарды қайта даярлау үшін пайдаланылған кейбір құралдарды тазартып отыру керектігін айтып өтті.

2.Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева сөз сөйледі. Оқушылардың ас мәзірінен бұқтырылған картоп тауық етімен, жеміс-жидек және айранды ұнатып жейтіндерін айтты.

3. Мектеп медбикесі А.Жеткергенова: асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық екендігін атап өтті.

Шешімі:

1.Өндірістік жиналыстарда тамақтану жөнінде мәліметтерді хабардар етіп отыру.

2.Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Төраға:



А.Қ.Башанов

Хатшы:

Ж.А.Елекеева

**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

20.12.2022 ж.

Тексерушілер:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: А.Б.Жеткергенова
5. Шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі: Н.А.Ақылбеков

Біз комиссия мүшелері 20.12.2022 жылы мектептегі ыстық тамақтың берілуі жағдайына, асхананың тазалығына тексеру жүргіздік.

Тексеру барысында асхана іші таза, жарық. Тоңазытқыштар мен ас әзірлеу блогының тазалығы және қоймаларда, ас әзірлейтін ыдыстары, тамақтың сапасы аралды. Тамақ сапасы дәмді, ас мәзірінде көрсетілген тағамдар дайындалған. Ас мәзірінің дұрыс құрылуы нормаға сәйкестігі, асхананың тазалығы, таңбасы бар өндірістік үстелдер және асхана ыдыстары түгел тексерілді. Асхана Асхана қызметкерлері талапқа сай асхана формасында. Ыдыстар таза жуылған, шеттері сынған ыдыстардың олданыстан алынып тасталуы ескертілді.

Ас мәзірі:

I апта



2-ші күн

Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Бұршақ салынған көже	200	230	250	бұршақ	14	15	16
				сәбіз	10	11	13
				пияз	10	11	13
				картоп	20	26	32
				өсімдік майы	5	6	7
				бульон	140	161	175
				сыыр еті	29	39	47
Картоп сыыр етімен	150	180	200	сыыр еті	60	72	80
				картоп	132	144	150
				сәбіз	10	11	13
				пияз	10	11	13
				тұз	2	2	2
				өсімдік майы	8	10	10
Ара балы	15	15	15	ара балы	15	15	15
Сүт	200	200	200	сүт	200	200	200
Нан	20	35	40	бидай наны	20	35	40
Калориялыгы, ккал					679	806	870

Шешімі:

1. Асхана тазалығы басты назарда ұсталынсын.
2. Ыдыстар толықтырылып, шеті сынған ыдыстар алынсын.

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог:  Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:  А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі:  А.Б.Жеткергенова
5. Шаруашылық меңгерушісі:  Н.А.Ақылбеков

Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№4 хаттамасы.

20.12.2022 жыл

Қатысқаны – 5

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: А.Б.Жеткергенова
5. Шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі: Н.А.Ақылбеков

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру.
2. Мектеп асханасының жұмысы және тазалығы

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева желтоқсан айында тегін ыстық тамақпен қамтамыз етілген 29 бала бар екенін және арендатор есебінен 4 бала тегін тамақпен қамтамасыз етілгенін айтып өтті. Оқушылардың құжаттары жинақталған. Қазіргі уақытта олар екі кезеңде тамақтанады. Тамақтың перспективалық ас мәзірімен сәйкестігі және оқушылардың уақытылы түгел тамақтануы күнделікті бақыланып отырады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша медбике-А.Жеткергенова: мектеп асханасының тазалығын үнемі бақылауда ұстап отырамын. Іші таза, санитарлық талаптарға сай. Ылғалды тазалау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Тыйым салынған заттар асханада сатылымда жоқ. Қол жуатын орындар, кептіргіштер жұмыс жасап тұр.

Тоңазытқыштар іші таза, қоймадағы өнімдер жақсы сақталған және тағамдардың жарамдылық мерзімі дұрыс. Асхана қызметкерлері талапқа сай формада киінген.

Шешімі:

1. Директор жанындағы кеңестерде оқушылардың тамақтануы жөнінде мәліметтер беріп отыру.
2. Мектеп асханасының тазалығы назарға алынсын.

Төраға:  А.К.Башанов

Хатшы:  Ж.А.Елекеева



**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

17.01.2023 ж.

Тексерушілер:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Бракераждық комиссия мүшесі: Н.А.Ақылбеков

Тексеру мақсаты:

1. Ас блогының тазалығы
2. Ыдыстардың толықтығы, жай-күйі
3. Асхана қызметкерлерінің медициналық іс-құжаттары
4. Ас мәзірінің перспективалық ас мәзіріне сәйкестігі
5. Оқушыларға берілетін ас мәзірінің нормаға сәйкестігі
6. Тәуліктік ас мәзірінің сақталуы
7. Бракераждық журналдардың жүргізілуі.

Тексеру нәтижелері:

2023 жылдың 17 қаңтары күні бракераждық сараптамалық комиссия мүшелерінің қатысуымен мектеп асханасының жұмысы тексерілді. Ас блогының тазалығы қанағаттанарлық деңгейде, пайдаланылған ыдыстарды жуу орындары мен кептіру орындары бар. Ыдыстар жеткілікті және қорда артық тарелке, бокал, қасықтар бар. Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшаларында жұмысқа рұқсатнамалары, анализдік талдау қорытындылары бар, жарамдылық мерзімдері ағымдағы жылдың наурыз айына дейін. Күнделікті мәзір перспективалық ас мәзірге сәйкес келеді. Облыстық білім басқармасымен 2023 жылдың қаңтар айында бекітілген 2 апталық ас мәзірімен жекелеген санат оқушыларына ыстық тамақ берілген. Тексеру жүргізілген күнгі ас мәзірі:

II апта

2-ші күн

Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Тауық еті	70	80	100	тауық еті	140	15	170
				пияз	15	18	20
				өсімдік майы	6	7	8
				шөптеcін\петрушка\	8	9	10
				йодталған тұз	1	1	1
				сәбіз	15	18	20
Пісірілген макарон	100	130	150	макарон	33	43	55
				сары май	3	3	3
Сүзбешеден запеканка	150	150	150	сүзбеше	166	166	166
				жарма ұнтағы	10	10	10
				жұмыртқа	4	5	6
				сары май	5	5	5
				ұн	5	5	5

				каймак	45	45	45
				кант	12	12	12
Ара балы	10	10	10	ара балы	10	10	10
Айран	200	200	200	айран	200	200	200
Нан	20	35	40	нан	20	35	40

Тексеру барысында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тағамдары мәзірге сай, грамдық өлшемдері нормасымен. Тәуліктік ас мәзірінің сынамаcы алынған, арнайы банкаларда сақтаулы тұр. Бракераждық журнал күнделікті жүргізіліп келген.

Ескертулер мен ұсыныстар:

1. Асханадағы тиісті орындарды үнемі тиісті қолдану .
2. Ыдыс –аяқтың сынған, кетігі ұшқандарды ауыстырып отыру тапсырылды.

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

2. Әлеуметтік педагог:

3. Бракераждық комиссия мүшесі:

Ж.А.Разакова

Ж.А.Елекеева

Н.А.Ақылбеков

**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№5 хаттамасы.**

17.01.2023 жыл

Қатысқаны – 3

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі: Н.А.Ақылбеков

Күн тәртібі:

1. Ас блогының тазалығы, ыдыстардың толықтығы, жай-күйі
2. Асхана қызметкерлерінің медициналық іс-құжаттары
3. Ас мәзірінің перспективалық ас мәзіріне сәйкестігі, оқушыларға берілетін ас мәзірінің нормаға сәйкестігі
4. Тәуліктік ас мәзірінің сақталуы, бракераждық журналдардың жүргізілуі.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша: Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар сүртілген, ыдыстар өз орнында. Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Ас ішу блогының өндірістік аумағында, шкафтар, стеллаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады.

Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева: Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Тексеру жүргізу барысында ас мәзірі перспективалық мәзірмен сәйкес келді. Бір оқушыға шаққандағы өнімнің сандық құрамы және тұтыну көрсеткіші дәл 100% болуы мүмкін емес кейде артық не кем болуы мүмкін бірақ, айтарлықтай айырмашылық болмайды. Аспаз белгіленген мөлшерді орындауға тырысады. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Бракераж журналы күнделікті жүргізіліп отыр.

Шешімі:

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.

2. Ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен нормаға сәйкестігі, дайын тағамның калориясы күнделікті қадағалансын.

Төраға:

А.Қ.Башанов

Хатшы:

Ж.А.Елекеева



Ақтобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ

06.02.2023 ж.

Тексерушілер:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А. Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А. Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Б. Боранбаева

Тексеру мақсаты:

Ас әзірлейтін блоқтың санитарлық жағдайы;
Ас мәзірінің болуы және онда көрсетілген тағамдардың сәйкестігі;
Өнімдердің ассортименті
Ұсыныс, пікір журналы



Тексеру нәтижелері:

2023 жылдың 6 ақпаны күні мектеп асханасына бракераждық комиссия мүшелері кезекті тексеру жұмыстарын жүргізді. Тексеру нәтижелері төмендегідей: ас блогының санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Ыдыстар таза жуылған, әр зат өз орнын сақтаған. Бүлінген ыдыстарды жууға арналған арнайы жуғыш құралдары бар. Бекітілген ас мәзірі асхана бұрынында ілулі тұр. Оқушыларға берілген тағамдар мәзірмен сәйкес келеді.

Сатылымда ыстық тамаққа палау, лагман, еңыр етінен котлет, тефтели, картоп еzbесі, манты өнімдері бар. Картоп қосылған, қырыққабат қосылған бөліштер, тәтті тоқаштар да бар.

Ұсыныс, пікір журналына ата-аналар мен оқушылардың, мұғалімдердің пікірлері жазылған.

Комиссия мүшелері:

- | | | |
|---|---|---------------|
| 1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | Ж.А. Разакова |
| 2. Әлеуметтік педагог: |  | Ж.А. Елекеева |
| 3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: |  | Б. Боранбаева |

Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№6 хаттамасы.

06.02.2023 жыл

Қатысқаны – 3

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
2. Әлеуметтік педагог:
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Ж.А.Разакова

Ж.А.Елекеева

Б.Боранбаева

Күн тәртібі:

- Ас әзірлейтін блоктың санитарлық жағдайы;
- Ас мәзірінің болуы және онда көрсетілген тағамдардың сәйкестігі;
- Өнімдердің ассортименті
- Ұсыныс, пікір журналы

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша: Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар сүртілген, ыдыстар өз орнында.

Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева: Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Тексеру жүргізу барысында ас мәзірі перспективалық мәзірмен сәйкес келді. Ас мәзірінің құрамы күнде кестеге сәйкес өзгеріп тұрады.

Асханада түрлі өнімдер пісірілген. Буфеттік өнімдердің тәтті тоқаштар, бәліштер сияқты түрлері бар. Ыстық тамаққа манта, малау, сныр етінен котлет, тефтели т.б. бар. Қырыққабат қосылған жеңіл салаттар да қарастырылған.

Ұсыныс, пікір журналында жазбалалар қалдырылған. Ата-аналар мен оқушылардың көңілінен шығады.

Шешімі:

1. Дайын тағамның калориясы күнделікті қадағалансын.
2. Денсаулыққа зиян келтіретін тағамдардың сатылымда болмауы қадағалансын.

Төраға:

А.Қ.Башанов

Хатшы:

Ж.А.Елекеева



**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

13.03.2023 ж.

Тексерушілер:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Б.Боранбаева

Тексеру мақсаты:

Күнделікті ас мәзірінің перспективалық мәзірге сәйкестігі;
Еркін мәзірге арналған прайстың болуы;
Асхана қызметкерлерінің сыртқы келбеті.

Тексеру нәтижелері:



Мектеп асханасының бүгінгі ас мәзірі перспективалық мәзірге сай болды. Еркін мәзірге арналып бекітілген прайс көрсетіліп тұр. Оқушылар мен ұстаздар асханаға төлемді қолма-қол немесе QR-код арқылы төлейді. Дайын өнімнің сапасы нормаға сай, өз технологиясымен дайындалған. Асхана қызметкерлерінің сыртқы келбеті таза, арнайы киімнің артық жиынтығы бар. Шағым, ұсыныс журналы бар. Осы күнгі оқушыларға берілген ас мәзірі төмендегідей болды:

Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Палау сиыр етімен	150	180	200	сиыр еті	107	107	107
				пияз	15	16	17
				өсімдік майы	8	10	11
				күріш	51	61	68
				йодталған тұз	0,4	0,4	0,4
				сәбіз	14	17	19
Сүзбеше	100	100	100	сүзбеше	100	100	100
Ара балы	15	15	15	ара балы	15	15	15
Сүт	200	200	200	сүт	200	200	200
Нан	20	35	40	білбай нана	20	35	40

Ұсыныс:

Буфеттік тағамдардың (самса, пирожки, булочка) қамыры көтерілген, дәмді болуы назарға алынсын.

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог:  Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Б.Боранбаева

Ақтобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№7 хаттамасы.

13.03.2023 жыл

Қатысқаны – 3

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Ж.А.Разакова

2. Әлеуметтік педагог:

Ж.А.Елекеева

3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Б.Боранбаева

Күн тәртібі:

Күнделікті ас мәзірінің перспективалық мәзірге сәйкестігі;

Еркін мәзірге арналған прайстың болуы;

Асхана қызметкерлерінің сыртқы келбеті.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Разакова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша: Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі. Асхана қызметкерлерінің сырт келбеті таза. Ауыстыруға арналған арнайы киімдері бар.

Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева: Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Тексеру жүргізу барысында ас мәзірі перспективалық мәзірмен сәйкес келді. Ас мәзірінің құрамы күнде кестеге сәйкес өзгеріп тұрады. Бірінші ауысымда 18 оқушы екінші ауысымда 15 оқушы тегін ыстық тамақпен тамақтанады.

Асханада түрлі өнімдер пісірілген. Буфеттік өнімдердің тәтті тоқаштар, бәліштер сияқты түрлері бар. Ыстық тамаққа манты, малау, сныр етінен котлет, тефтели т.б. бар. Қырыққабат қосылған жеңіл салаттар да қарастырылған. Еркін мәзірге арналып бекітілген прайс қойылған.

Ұсыныс, пікір журналында жазбалалар қалдырылған.

Шешімі:

1. Тыйым салынған тағамдардың сатылымда болмауы қадағалансын.

Төраға

А.Қ.Башанов

Хатшы:

Ж.А.Елекеева



**Ақтобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

21.04.2023 ж.

Тексерушілер:

- 1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Б.Алдабергенова
- 2.Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
- 3.Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Б.Боранбаева

Тексеру мақсаты: мектеп асханасының мәзірі, тамақтардың дайындалу сапасы мен тазалықтың сақталуын қадағалау

Тексеру нәтижелері:

Қамқорлық кеңесінің қадағалауы мен тексеріс барысында төмендегідей жағдайлар анықталды. «№74 ЖББОМ» КММ 4 тоқсан бойынша 21 –ші сәуір күні асханаға бракеражды комиссия тарапынан тексеріс өтті. Мектепте тегін тамақпен қамтылған 29 оқушы бар. Бұл тізімде аз қамтылған жағдайы төмен оқушылар, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар. Мектеп асханасы 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды. Асханада І кезең, II-кезең болып екіге бөлінеді.Тексеріс барысында асхана толық ас мәзірі арқылы жұмыс атқарды.Ыстық тамақ ас мәзірі бойынша беріледі.Тексеріс барысында талапқа сай ас мәзірі берілді. Дастархан оқушыларға толықтай жайылған.Ас мәзірінде:

Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Голубцы (жалқау) етпен және күрішпен, соуспен	200	200	200	ақ қауанды қырыққабат	103	103	103
				сұйыр еті	100	100	100
				күріш жармасы	10	10	10
				пияз	14	14	14
				өсімдік майы	4	5	6
				қаймақ	16	16	16
				ұн	5	5	5
				сәбіз	7	9	11
Жемістер	150	150	150	жемістер	150	150	150
Сок	200	200	200	сок	200	200	200
Нан	20	35	40	бидай наны	20	35	40

Ескертулері асхана қызметкерлеріне айтылды. Тамақтану мен тамақ пісіру орны талапқа сай, тазалық жасалынып, дезинфекцияланады. Оқушыларға берілетін тағамдар сапасы мөлшерге сай ас мәзірі бойынша үнемі өзгеріп отырады.Оқушылар сүзгіден өткен тазартылған су тұтынады. Мектеп асханасының санитарлық талаптарының, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілуіне және асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауы да уақытылы қадағаланып тұрады. Асханада 3 адам жұмыс жасайды. Медициналық бақылаудан өткен, санитарлық кітапшалары реттелген, арнайы киімдермен қамтамасыз етілген. Тексеру кезінде шикі тағам сақтайтын бөлмелердің тазалықтары, азық-түліктердің сақталу мерзімінің дұрыстығы, сүт, май, ет тағамдарының тоңазытқышта сақталу жайы да тексерілді.Оқушылар асханаға қойылған кесте бойынша асханаға келеді.Оқушылардың қол жууына, қол кептіруіне жағдай

жасалынған. Бракераждық комиссиямен тексеру кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге) мектеп асханасында қазірге таңға дейін анықталған жоқ.


Асханада тыйым салынған тағамдар тізімі бар.

- Тамақ мәзірі бойынша барлық талаптар сақталған.
- Аспазшылардың медициналық тексерістен өткен кітапшалары бар.
- Тамақтанатын ыдыстар таза, ыдыс жуатын орындар талапқа сай орнатылған.
- Тамақтың дайындалуына жауапты адамдардың арнайы білімдері бар.
- Тамақтарды сақтау бойынша арнайы тоңазытқыштар мен жеке қойма орындардың бар екені анықталды.
- Алынған тағамдардың барлығының сақталу мерзімі көрсетілген.

Шешімі:

1. Мектеп асханасындағы тамақтың сапасы және тазалық жағдайының тексерілуі қанағаттанарлық.
2. Күнделікті дайын тамақтың сапасын бақылау комиссиясының жұмысы ары қарай жалғасын тапсын.
3. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың уақытында келіп тамақтануын және тамақты тауысып ішулерін қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.
4. Сынып жетекшілер асханада оқушыларды өзін қалай ұстау керек туралы сынып сағаттарын өткізу туралы ұсыныс.

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Г.Б.Алдабергенова
2. Әлеуметтік педагог:  Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  Б.Боранбаева

**Ақтөбе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№8 хаттамасы.**

21.04.2023 жыл

Қатысқаны – 3

Комиссия мүшелері:

1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Ж.А.Разакова

2.Әлеуметтік педагог:

Ж.А.Елекеева

3.Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Б.Боранбаева

Күн тәртібі:

Мектеп асханасының мәзірі, тамақтардың дайындалу сапасы мен тазалықтың сақталуын
қадағалау

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Алдабергенова қатысушыларды мектеп асханасының жұмысы бойынша, сапалы тамақтандыру бойынша комиссия рейдтерінің қорытындысымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша: Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі. Асзана қызметкерлерінің сырт келбеті таза. Ауыстыруға арналған арнайы киімдері бар. Медициналық бақылауда өткен. Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева: Бракераждық комиссиямен тексеру кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге) мектеп асханасында қазірге таңға дейін анықталған жоқ. Асханада тыйым салынған тағамдар тізімі бар.

Шешімі:

1. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың уақытында келіп тамақтануын және тамақты тауысып ішулерін қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

2. Сынып жетекшілер асханада оқушыларды өзін қалай ұстау керек туралы сынып сағаттарын өткізу туралы ұсыныс.

Төраға:  А.К.Башанов

Хатшы:  Ж.А.Елекеева



**Ақтобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі
Асхана жұмысын қадағалау және ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша
АКТ**

21.05.2023 ж.

Тексерушілер:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: Б.Бримбетова

Біз комиссия мүшелері 11.05.2023 жылы мектептегі ыстық тамақтың берілуі жағдайына, асхананың тазалығына тексеру жүргіздік.

Тексеру барысында асхана іші таза, жарық. Тоңазытқыштар мен ас әзірлеу блогының тазалығы және қоймаларда, ас әзірлейтін ыдыстары, тамақтың сапасы аралды. Тамақ сапасы дәмді, ас мәзірінде көрсетілген тағамдар дайындалған. Ас мәзірінің дұрыс құрылуы нормаға сәйкестігі, асхананың тазалығы, таңбасы бар өндірістік үстелдер және асхана ыдыстары түгел тексерілді. Асхана Асхана қызметкерлері талапқа сай асхана формасында. Ыдыстар таза жуылған, шеттері сынған ыдыстардың олданыстан алынып тасталуы ескертілді. Ас мәзірі:

1 анта

4-ші күн

Тағамның атауы	Тағамның шығымы, г			Тағамның ингредиенттері	Брутто, г		
	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас		7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
Сүзбешеден запеканка	150	150	150	сүзбеше	166	166	166
				жармал ұнтағы	10	10	10
				қант	12	12	12
				жұмыртқа	4	5	6
				сары май	5	5	5
				ұн	5	5	5
				қаймақ	45	45	45
Бұқтырылған балық	60\50	70\50	80\50	балық	123	143	163
				ұн	7	9	11
				өсімдік майы	7	9	11
				сәбіз	21	23	25
				пияз	20	23	27
				подталған тұз	1	1	1
				күріш	37	48	55
Күріш	100	130	150	сары май	5	7	9
				подталған тұз	1	1	1
Кенгірілген жеміс компоты	200	200	200	кенгірілген жеміс	18	18	18
				қант	20	20	20
Нан	20	35	40	бұдай наны	20	35	40

Шешімі:

1. Асхана тазалығы басты назарда ұсталынсын.
2. Ыдыстар толықтырылып, шеті сынған ыдыстар алынсын.

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог:  Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: Б.Бримбетова

Ақтобе қаласы «74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-сі бойынша
бракераждық комиссия отырысының
№9 хаттамасы.

11.05.2023 жыл

Қатысқаны – 4

Комиссия мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Ж.А.Разакова
2. Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: А.А.Абашева
4. Мектеп медбикесі: Б.Бримбетова

Күн тәртібі:

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру.
2. Мектеп асханасының жұмысы және тазалығы

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Ж.А.Елекеева желтоқсан айында тегін ыстық тамақпен қамтамыз етілген 29 бала бар екенін және арендатор есебінен 4 бала тегін тамақпен қамтамасыз етілгенін айтып өтті. Оқушылардың құжаттары жинақталған. Қазіргі уақытта олар екі кезеңде тамақтанады. Тамақтың перспективалық ас мәзірімен сәйкестігі және оқушылардың уақытылы түгел тамақтануы күнделікті бақыланып отырады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша медбике-Б.Бримбетова: мектеп асханасының тазалығын үнемі бақылауда ұстап отырамын. Іші таза, санитарлық талаптарға сай. Ылғалды тазалау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Тыйым салынған заттар асханада сатылымда жоқ. Қол жуатын орындар, кептіргіштер жұмыс жасап тұр.

Тоназытқыштар іші таза, қоймадағы өнімдер жақсы сақталған және тағамдардың жарамдылық мерзімі дұрыс. Асхана қызметкерлері талапқа сай формада киінген.

Шешімі:

1. Директор жанындағы кеңестерде оқушылардың тамақтануы жөнінде мәліметтер беріп отыру.
2. Мектеп асханасының тазалығы назарға алынсын.

Төраға:

А.Қ.Башанов

Хатшы:

Ж.А.Елекеева



БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

А.К.Башанов

«05» 09 2022 жыл

Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жұмысын тексеретін
бракераждық сараптамалық комиссия мүшелерінің

жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрі	Өтілу уақыты	Жауапты
1	Бракераждық комиссия тобын құру, бұйрық шығару, бекіту	тамыз	Әлеуметтік педагог
2	Бракераждық комиссия мүшелерінің жылдық жұмыс жоспарын құру, бекіту	қыркүйек	Әлеуметтік педагог
3	Мектеп асханасының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының болуы	оқу жылының басы	Комиссия мүшелері
4	Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшаларының болуы	6 ай сайын	Комиссия мүшелері
5	-негізгі өнімдерін салу кезінде мезгілімен қатысу; -тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың болуы; -дайын тамақты органолептикалық бағалау; -тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне сәйкестігін зерделеу;	айына 1 рет	Комиссия мүшелері
6	Азық-түлік сақтау қоймаларының, ас блогының санитарлық талапқа сай болуын қадағалау (тоңазытқыш, технологиялық жабдықтардың жарамдылығы)	айына 1 рет	Комиссия мүшелері
7	Тағамдарды дайындайтын ыдыстардың жарамдылығын бақылау (сылған, ұшқан)	айына 1 рет	Комиссия мүшелері
8	Буфеттік өнімдердің сапасы және тыйым салынған өнімдердің болмауы	Айына 1 рет	Комиссия мүшелері
9	Бракераждық журналдың жүргізілуін қадағалау	күн сайын	Әлеуметтік педагог
10	Жекелеген санат оқушыларының қатысымын тексеру	күн сайын	Әлеуметтік педагог
11	Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын бақылау, есебін алу	ай сайын	ДТІЖО Ж.А.Разакова